


ІБИ: бизнес-климат индексі 11,5-тен 15,6-ға дейін біршама өсті

**2024 жылдың наурыз айындағы іскерлік белсенділік туралы
ҚРҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің
түсіндірмесі**

2024 жылғы наурызда іскерлік белсенділік жақсарып, **50,3** болды.

Өндіріс пен қызметте іскерлік белсенділік индексі тиісінше **51,0-ге және 50,5-ке** дейін артты (ақпанда тиісінше – 50,2 және 50,3). Мұнда жеткізілім мерзімін қоспағанда, барлық құрауыштың жақсарғаны байқалды.

Құрылыста көрсеткіш **48,2-ға** дейін (ақпандағы 49,2-дан) төмендеді. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде көрсеткіш ұлғайғанына қарамастан **49,3** (ақпанда – 48,6) болып, теріс аймақта қалды. Мұнда жеткізілім мерзімі қысқарғаны, тауар-материалдық қорлардың көлемі мен жаңа өнім көлемі артқаны байқалады.



Қазіргі және болашақ бизнес жағдайларды бағалау біршама жақсарды. **Қазіргі және болашақ** бизнес жағдайларды орташа бағалауды білдіретін **бизнес-ахуал индексі 15,6** (ақпанда – 11,5) болды. Ал бизнес-циклдің «сағат» индикаторы **өсу** жағында қалды.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>